

# СӨЖ

**Тақырыбы:** Түркістан облысы, Шардара ауданының  
ЭКОЛОГИЯСЫ

**Орындаған :** Олжабекова Ж.Е  
**Қабылдаған:** Тугелбаева Л.М

Алматы.2020

## **ЖОСПАР:**

- I.** Түркістан облысы .Шардара ауданы жайлы мәлімет;
- II.** Шардара ауданының климаты;
- III.** Аудан экологиясы: ауасы, суы, топырағы;
- IV.** Шардара су қоймасы;
- V.** Шардара су электр станциясы СЭС
- VI.** Шардара бөгені;
- VII.** Судың ластану деңгейі;
- VIII.** Ауданды көркейтуге, менің ұсынысым;



## ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ШАРДАРА АУДАНЫ

**Шардара ауданы** – Түркістан облысының оңтүстік-батысындағы аумақтық-әкімшілік бөлік. Жерінің аумағы 13 мың км<sup>2</sup> (облыстың 11,1%-ын құрайды). Тұрғын саны 78 мың 621 адам (2018). Аудан 1964 ж. қазан айында Қызылқұм ауданының негізінде құрылды. Аумағындағы 25 елді мекен 1 қалалық және 10 ауылдық округке біріктірілген. Аудан жері негізінен Сырдария өзеннің сол жағалауын, Қызылқұм құмының оңтүстік-шығысын ала, аллювийлік жазықта (Шардара даласы) орналасқан.



Қызылқұм өңіріндегі мыңдаған гектар шөлейт алқаптарды игеріп, суландыру арқылы ел қоныстандыру үшін 1958 ж. «Шардара құрылыс» басқармасы құрылды.

1967 ж. 15 қазанда Мемлекеттік комиссия сыйымдылығы 5 млрд. 700 млн. м<sup>3</sup> Шардара бөгені мен су электр стансасының құрылысының аяқталғаны жөнінде актіге қол қойды.

Облыстың ірі өзені – Сырдария (жалпы ұзындығы 2219 км, Қазақстан аумағында – 1400 км)



# КЛИМАТЫ:

Климаты *айқын континенттік*. Қысы біршама жұмсақ, қаңтардың жылдық орташа температурасы  $-4 - 6^{\circ}\text{C}$ . Жаз айлары ыстық, аңызқты, шілденің ортасы температурасы  $28 - 29^{\circ}\text{C}$ . Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері  $150 - 200$  мм. Аудан аумағында құрылыс материалдары барланған. Жерінің басым бөлігі күмді (Қызылқұм), сұр, сортаң топырақты, өзен аңғарлары шалғынды-сазды топырақты. Мұнда жусан, селеу, сексеуіл, жантақ, жыңғыл, баялыш, Сырдария бойында қамыс, құрақ, тал, жиде өседі. Жануарлардан ақбөкен, өзен бойында қаз, үйрек, қырғауыл мекендейді.



Шардара ауданы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемінің *43,0% мақта шаруашылығына* тиесілі. Аудандағы егістік жерлердің 91,0% немесе 23,7 мың гектары мақта егістігі. Аудан шаруашылығының негізін «НИМЕКС» корпорациясы құрайды.



## ЭКОЛОГИЯСЫ

Жер беті *тегіс, құмды, сазды* аллювийлік шөгінділерден түзілген.

Жер асты *суы ащылау*, 15 м тереңдікте кездеседі. Климаты тым континенттік. Қаңтарда орташа жылдық температура  $-4$  С, шілдеде 29 С. Жылдық жауын-шашын мөлшері 200 мм.

*Топырағы* солтүстігінде қоңыр, оңтүстігінде сұр, сортаңды. Эфемерлер, жусан, жыңғыл, жүзгін, баялыш, күйреуік, сынды өсімдіктер өседі. *Суармалы жерлері* мақта, күріш егуге өте қолайлы.



# ШАРДАРА СУ ҚОЙМАСЫ

Шардара су қоймасы өткен ғасырлардың 60 жылдары салынған. **Мақсаты** - егін алқаптарын суғарып, электроэнергия өңдеу болатын. Бүгінде жасанды су қоймасында балықтың 26 түрі мекендейді. Жылына 4 мың тоннаға жуық балық өңделеді. Оның 80 пайыздан астамы шет елге экспортталады. Экспорт арқасында ел экономикасы дамуда.







**Су қоймасы - суды тоқтатуға, жинақтауға және суды сақтауға арналған, өзендер алаптарында түзілген, су тірегiш ғимараттармен бекемделген, едәуір сыйымдылықтағы жасанды бөген..**

Қазіргі таңда су қоймасы экологиялық апаттың алдында тұр. Себебі, ондағы туристердің жергілікті тұрғындардың санитарлық тазалық шарттарын сақтамауынан.

Шардара су қоймасына бірнеше коллектор – дренаж сулары тасталады. Олар негізінен ауылшаруашылығында қолданылатын улы химиялық заттар мен жануарлар, тұрмыстық шығындылармен ластанған.





Су өсімдіктері балықтар үшін керекті құнды заттар – көмірсулар, белоктар, минералды тұздарға бай. Табиғи су қоймаларында өсетін өсімдіктер құрамында орташа 20-30% крахмал және макро, микроэлементтер бар.


Су өсімдіктері су ортасын еріген оттегімен байытып, органикалық заттарды тотықтандырып бейорганикалық заттарға айналдырады. Бейорганикалық – биоген элементтер өсімдіктер үшін қоректік орта есептелінеді. Нәтижеде су ортасында табиғи тазалану процесі жүреді.



# ШАРДАРА БӨГЕНІ

Шардара, Мақтаарал, Сарыағаш аудандары жеріндегі ірі жасанды су айдыны. Сырдария өзеннің арнасына салынған. 1968 ж. бөген шарасы суға толтырылды. Бөгеттің биіктігі 24 м,. Бөгеннің ауданы  $900 \text{ км}^2$ , ұзындығы 80 – 100 км, ені 20 – 25 км, ең терең жері 25 – 26 м, орташа тереңдегі 6,3 м. Суының мөлшелері 5200 млн.  $\text{м}^3$ , су жиналатын алабы 174 мың  $\text{км}^2$ . Бөген Сырдария өзеннің ағынымен және қар, жауын-шашын суымен толығады. Шардара бөгені арқылы жалпы 394,0 мың га жер суарылады (оның ішінде 105 мың га күріш егістігі).





Бөген өзен ағынын тиімді пайдалану (электр энергиясын өндіру, кеме қатынасы, сумен қамтамасыз ету, егін суару, балық өсіру, т.б.) мақсатында жасалады.

# ШАРДАРА СУ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯСЫ

Республикадағы су электр станцияларының бірі. *Сырдария өзеннің орта ағысында* орналасқан. Қуаты 100 МВт. Станция қазіргі талаптарға сай дәрежеде автоматтандырылған және телемеханикамен басқарылады. 1965 – 1975 ж. жоспардағы 3 млн. 442 мың кВт-сағ электр энергиясы өндірілді. Шардара гидроэнергетикалық кешені (Шардара су электр станциясы мен Шардара бөгені) Қызылқұм өңірінде ауыл шаруашылығы өндірісін жедел қарқынмен өркендетуге мүмкіндік беріп отыр.



## СУДЫҢ ЛАСТАНУ ДЕҢГЕЙІ

«Ластанудың орташа деңгейі»-не жатады.

Сырдария өзенінде жеті гидробекеті бар. Соның бірі Шардара су қоймасы. Шардара ауданыны бойынша *суды негізгі ластаушыларға* – **сульфаттар, нитриттер, мыс және фенолдар** жатады.

Осы заттардың орташа жылдық концентрациясы нормадан 1,5-тен 4,22 есе асты. Сырдария өз. бассейнінде ластанудың ең жоғары деңгейі көктемде байқалады. **Судың ластану индексі (СЛИ)** 2,5 деңгейінде, ол орташа-ластанған ретінде 3-класқа жатады.





Шардарада заңсыз балық аулаушыларға тосқауыл болмай тұр. Балық өнімдерін Заңға қайшы жолмен тасымалдау, сату деректері де көбейген. Осы орайда құқықбұзушылықтың жолын кесіп, алдын алу шаралары қатаң түрде жүргізілуде.





## Атқарылып жатқан іс-шаралар

Шардара су қоймасы мен Қызылқұм туризмді дамытуға өте қолайлы аймақ. Осы бағытта қазіргі таңда біршама жұмыстар қолға алынған:

- Шардара ауданында туризмді дамыту мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 мамырдағы №292 қаулысымен Шардара су қоймасы жағалауындағы орман қоры санатындағы жалпы көлемі 255,3 гектар жер учаскесі елді мекен санатына ауыстырылды.

- 2018 жылдың 26 қазанында Шардара ауданында «Сафари Шардара» халықаралық деңгейдегі фестиваль өтті. фестивалі Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылды.



Бақытбек Жаңабаев, Шардара су электр станциясының басшысы: «Шардара су электр станциясының жалпы қуаттылығы қазіргі таңда 100 МВт. Ал түбегейлі жаңғырту жұмыстарынан өткен соң, станцияда қуат өндіру 126 МВт ұлғаяды. Мұндағы әр су агрегаты қазір 20 МВт тоқ берсе, жаңғыртудан соң 32-35 МВт қуат өндіре алатын болады. Мақсатымыз – отандық электр энергия саласына өз үлесімізді қосу»



Қызылқұм алқабын игерудің арқасында пайда болған сыйымдылығы 5,2 млрд. текше метр су қоймасы, қуаттылығы 100 мегаватт су электр стансасы, 60 мың гектардан астам суармалы, 1 млн. гектар жайылым жері бар Шардара.



## Ауданды көркейтуге менің ұсынысым

1. Аудан тұрғындарымен бірге тазалық жұмыстарын атқару;
2. Су қоймасының маңызы жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
3. Аумақты көгалдандыру ;
4. Туристерге тазалық сақтау ережелерін қатаң түрде жүргізу.
5. Ереже бұзылған жағдайда қайта келу құқығынан айыру;
6. Қауіпсіздік шаралары жазылған үлкен тақтайшалар орнату;
7. Уәкілетті органдардың қауіпсіздік және профилактикалық іс-шараларды тиісті дәрежеде жүргізуін қадағалау; (2015 жылы, 15 адам қаза болған)
8. Қалдықтарды қайта өңдейтін завод ашу;

